

«Гаухар-Тас» жекеметиник балабақшасы
Менгеруни  Куршенова Г.



Педагогтің аты-жөні Сірісұрақ

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Әділдік бар жерде татулық та бар, татулық бар жерде бақыт та бар.					
Балаларды қабылдау		Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күйді қосып, балаларды қарсы алу. (музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады,	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күйді қосып, балаларды қарсы алу. (музыка)

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ұйымдастырылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оған керекті заттар туралы әңгімелесу.	Баланы ауа райына байланысты киіндіру керектігін ата-аналарға ескерту.	5 жастағы баланың тілін қалай дамытуға болады? https://bilimkids.kz/correction_work/6221	5 жастағы баланың тілін қалай дамытуға болады? https://bilimkids.kz/correction_work/6221	"Баланың сұрағына ашуланбай жауап бере аласыз ба?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Бөлме өсімдіктерін суару". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту; ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті арттыру, қамқорлыққа тәрбиелеу. (еңбек, таным, зерттеу іс-әрекеттері) Үстел үсті ойыны. "Лото".	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Аквариум балықтарын қоректендіру". (еңбек, зерттеу іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу; қамқорлыққа, саналылыққа тәрбиелеу. "Құстардың ұшуы" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. «Жас метеоролог» экологиялық бағыттағы жаттығу. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Қауіпсіздік техникасы	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: ағаштардың өсуіне қажетті жағдайлар туралы білімдерін бекіту, ағаштың айналасындағы саңылаудың себебін түсінуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. Шығармашылық уақыты. "Қағаздан балапанды бүктеу арқылы құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ойыншықтар мен материалдардың тәртібі". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, әр заттың өз орны жайындағы түсініктерін нығайту, істі аяғына дейін жасауға тәрбиелеу. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтап, сапалары мен қасиеттерін біліп, күтім жасау, жинақтау әдісін таңдауға үйрету; жұмыс мазмұнын құра білу қабілетін жетілдіру. (танымдық іс-әрекет, зерттеу, еңбек іс-әрекеті)"Кім алғыр?" дидактикалық ойыны. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Сөрелер үстін сүрту ". (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу; сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю, таза күйінде кептіруге ілу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу STEAM: «Бірдей бөлшектерден өрнек құрастыр» ойын жобасы. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) https://bilimkids.kz/steam/35?l=2 Кім жылдам? Мақсат-міндеттер: жүгіруге, қимыл дағдылары мен ептілікке үйрету.

(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың зейін, логикалық ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. Еркін ойын. "Аққу-қаздар". (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты. Ойынға қатысушы балалардың біреуі - қасқыр, екіншісі - құс бағушы болады. Қалған балалардың бәрі «Аққу-қаздың» рөлін ойнайды. Балалар үлкен алаңға шығады. Алаңның оң жағында құс бағушы	Эксперимент қаншалықты қарапайым болса да, балаларды жалғыз қалдыруға болмайды. Экспериментті нұсқаулықтан бастау қажет. Балаларға алжапқыш беріп, олар алжапқышты киіп жатқан кезде педагог экспериментті тек арнайы киіммен жүргізу керектігін түсіндіреді. Балаларға тәжірибені мұқият жүргізу және сақтық шараларын сақтау қажет екенін айту. Тәжірибе барысында қолданылатын заттардың (қоспалардың) дәмін көруге болмайтынын, өйткені олардың кейбіреулері «қауіпті» болуы мүмкін екенін айту. Зерттеу әрекетін бастағанда балалар ережелерді білуі, оларды орындауға тырысуы керек. Алайда, баланы қорқытуға	салуға құштарлығын дамыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға тарту; ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-теңдікті сақтауды, үйлестіре білуді, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. "Соқыр текені" санамақ арқылы тағайындайды. Содан кейін "текені" ортаға шығарып, көзін байлап, бір орында айналуы сұрайды. Балалар осы кезде: "Бір, екі, үш! Соқыр теке, бізді ұста!" - деп "соқыр текені" қолымен түртіп	әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бөлшектерден бүтін құрау қабілетін дамыту. «Тордағы құс» Обал жасап құстарға, Торға қамап ұстама! Құс боп неге жаралды, Еркін самғап ұшпаса? (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізіп, құстың торын жаса. Қолдарын айқастырып, қолың қанатын жасайды) «Құстарға еліктейміз» сөздік ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларға құстардың дауыстарына еліктеп ойнауды және оларды бір-бірінен ажыратуды үйрету. https://bilimkids.kz/regime-process/2450?l=24&l=33	Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққанекі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады. (дене тәрбиесі)
--	---	---	--	--

	бала мен аққу-қаздар болып ойыншылар тұратын жер сызықпен белгіленеді. Сол жақта қасқыр жасырынады. Ойын басталғанда құс бағушы аққу-қаздарды далаға шығарып жібереді. Аққу-қаздар сызықтан асып, алаңның ортасында шашылып жүреді. Қасқыр қимылсыз отырады. Біраз уақыттан кейін құс бағушы қаздарды шақырады. - Қаздар, қаздар, қаңқылда! - Қулар, қулар, саңқылда! - Тойдыңдар ма далада? - Иә, иә, иә! - Ендеше үйге қайтыңдар. - Жоқ, жоқ! - Неге? - Қыр астында қасқыр бар. Осы соңғы сөз айтылғанда ғана қасқыр қаздарды қуалауға ұмтылады. Ал аққу-қаздар үйге (сызықпен	болмайтынын есте ұстаған абзал, себебі баланың әрекетті орындауға деген қызығушылығы жойылуы мүмкін. Тәжірибе: «Жел энергиясы». (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: мектеп жасына дейінгі балаларда жел қуатының қалай пайда болатыны, оны қайда пайдаланатыны және сол энергияны қалай алуға болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Сипаттамасы: қозғалыс кезінде желдеткіш қалақтары қозғала бастайды және қызыл шам жанады, бұл жел қуатының механикалық түрде жасалатынын көрсетеді.	қойып, одан айнала қашып жүреді. "Соқыр текенің" өзін түрткен баланы ұстап алу керек және оны тану, есімін атау. Педагог балалар тым алшақ қашып кетпес үшін, үлкен шеңберді сызып қояды. Ойыншылар сол шеңберден аспай ойнау керек. Шеңберден шығып кеткен бала, ойыннан шығады. Кім ұсталып қалса, сол "соқыр теке" рөлінде ойынды жалғастырады. (дене тәрбиесі)		
--	--	--	---	--	--

	белгілеген жерге қашады). Қасқыр оларды ұстауға тырысады. Ұсталғандар ойыннан шығып қалады.				
Ертеңгілік жаттығу	1. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. 1 - "Қолымызды созайық". Қолды алдыға созып айқастыру. 2 - "Қанатымызбен серпін алайық". Қолды артына созып айқастыру. 3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру. 4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет). 2. "Сағат тіліндей қозғалайық". Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп	1. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. 1 - "Қолымызды созайық". Қолды алдыға созып айқастыру. 2 - "Қанатымызбен серпін алайық". Қолды артына созып айқастыру. 3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру. 4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет). 2. "Сағат тіліндей қозғалайық". Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып,	1. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. 1 - "Қолымызды созайық". Қолды алдыға созып айқастыру. 2 - "Қанатымызбен серпін алайық". Қолды артына созып айқастыру. 3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру. 4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет). 2. "Сағат тіліндей қозғалайық". Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат	1. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. 1 - "Қолымызды созайық". Қолды алдыға созып айқастыру. 2 - "Қанатымызбен серпін алайық". Қолды артына созып айқастыру. 3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру. 4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет). 2. "Сағат тіліндей қозғалайық". Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат	1. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. 1 - "Қолымызды созайық". Қолды алдыға созып айқастыру. 2 - "Қанатымызбен серпін алайық". Қолды артына созып айқастыру. 3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру. 4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет). 2. "Сағат тіліндей қозғалайық". Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат

	тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей". Төмен қарай еңкею. "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" сөздерімен сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау. 3. "Билетейік аяқты" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа жаттығуды 2 рет орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)	қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей". Төмен қарай еңкею. "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" сөздерімен сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау. 3. "Билетейік аяқты" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа жаттығуды 2 рет орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)	тіліндей". Төмен қарай еңкею. "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" сөздерімен сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау. 3. "Билетейік аяқты" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа жаттығуды 2 рет орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)	тіліндей". Төмен қарай еңкею. "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" сөздерімен сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау. 3. "Билетейік аяқты" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа жаттығуды 2 рет орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)	тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау. 3. "Билетейік аяқты" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа жаттығуды 2 рет орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.

	жетілдіру. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Қуанады анашым, Таза оның баласы. Маңдайымнан сипайды, Саусағының саласы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)	жетілдіру. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)	жетілдіру. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен. Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз де, түсте де. Су - тіршілік негізі, Онсыз өмір сүрмейсің. Гигиена егізі, Су деп және білгейсің. Су - табиғат байлығы, Өзен-көлге барғайсың. Кемі екі рет әр күні, Суға түсіп алғайсың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)	жетілдіру. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Таңғы ас келді, Балалар үстелге жайғасты. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты тандаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Жыл құстары туралы" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: жыл құстарының жылы жаққа ұшқаны туралы фотосуреттерді, үй құстары жайында суреттерді қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: М. Төрежанов «Бұлбұлдар», Ш. Смаханұлының «Бұлбұл мен тоқылдақ», В. Гаршин «Саяхатшы бақа», Г.Андерсен «Ұсқынсыз үйрек», "Әтеш пен бұлбұл" ертегісі, "Күй күмбірі": "Қоңыр қаз. Әсеттің әні" (орындаған Нұржан Жанпейісов) https://kitap.kz/music/1/nurzhan-zhanpeyisovting-oryndauyndagy-nder «Өнегелі»: Армандар мен мақсаттар. Тақырыбы: «Мен нені армандаймын?» Мақсаты: балаларды армандауға және мақсат қоюға				

	ынталандыру. Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге, өз ісіне адал болуға баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
	Жыл құстары тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)	«Қаржылық сауаттылық». "Жұмыс және еңбек" тақырыбына әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Балаларға еңбек ету арқылы қаржы табу немесе қандай да бір нәрсеге қол жеткізудің маңызды екенін көрсету. Оларға ересектердің мамандықтарын таныстырып, өздерінің кішкентай жұмыстарымен де (ойыншықтарын жинау, көмек көрсету) еңбек ете алатындарына сендірту.	Құстар туралы мақал-мәтелдер жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Қастек Баянбаев «Тырналар». (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Қысқа өлеңдерді есте сақтауға ынталандыру. Аспанда самғайды Тырналар тізіліп. Біреуі қалмайды Қатардан үзіліп. Сақтайды сапарда Бірлікті кім мұндай?! Бұзылмас қатары Кәдімгі шынжырдай.	BilimKids дамытушы мультфильмі "Ай атаулары" https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/videos/video_file/20/ay-ataulary.mp4
Кестеге сәйкес ҰІӨ	Сауат ашу негіздері "[н], [р] дыбыстары". Мақсат-міндеттері. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Дауыссыз [н], [р]	Сауат ашу негіздері "[о] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттері. [о] дыбысымен таныстыру, айтылу ерекшелігіне қарай [о] дыбысының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін	Математика негіздері "Бір үйірдегі құстардың санын санайық (Бекіту)" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында «бес» саны туралы түсініктерді бекіту, осы санды екі ең аз элементтерден құрау	Математика негіздері "Құстар жылы жаққа ұшуға дайындалып жатыр" Балалардың ұғымындағы «бес» саны мен цифры туралы түсініктерін кеңейту, беске дейін жылдам	Сауат ашу негіздері "[о] дыбысын қайталау". Мақсат-міндеттері. Құрамында [О] дыбысы бар сөздерді талдау. Құрастыру "Бидай алқабы" Мақсат-міндеттері. Балаларды "квиллинг" әдісімен

дыбыстары жайында ұғымдарын тиянақтау. Қазақ тілі "Ы, І дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)." Мақсат-міндеттері. Балаларға [-ы], [-і] дыбыстары мен Ы ы, І і әріптерін таныстыру. Ы ы, І і әріптерін ауада жазып көрсету; [-ы], [-і] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, есту арқылы ажыратуды үйрету; буындарда, сөздерде дұрыс айтуды дағдыландыру; [-ы], [-і] дыбыстарының сөздің кез келген жерінде (сөздің басында, ортасында, аяғында) табуды жаттықтыру; [-ы], [-і] дыбыстарын сөздерде есту, мысал келтіру, сол сөздерді қатыстырып қарапайым сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру.	өздеріне анықтатқызу. Математика негіздері "Үйірімге қосылған құстар санын санайық" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында «бес» саны туралы түсінік қалыптастыру, оның таңбасын тану, дұрыс атау іскерлігін жетілдіру; «бес» жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту; «төрт» пен «бес» сандарының көрнекілік негізінде беттестіру және тұсына қою тәсілдерінің пайда болуын көрсете білу қабілетін дамыту; жыл құстарының тіршілігі табиғаттың заңдылықтарына байланысы, адам тіршілігінің құстарға әсері туралы экологиялық білімдерін жетілдіру; байқампаздық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка "Күзгі вальс".	білігін дамыту. «Төрт» және «бес» сандарының шығу тегін көрнекі түрде әртүрлі тәсілдермен көрсету білігін дамыту; жыл құстарының тіршілігі туралы білімді жетілдіру; байқампаздық, зияткерлік қабілеттерін тәрбиелеу. Қазақ тілі "Жыл құстары. Ханс Кристиан Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Үй құстары." Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы жыл құстары және үй құсы туралы білімдерін кеңейту; «жабайы» және «үй құстары» жайлы түсініктерін дамыту. Г. Х. Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; құстардың жылы жаққа кетуі, құстардың дыбыс шығаруының	санау дағысын қалыптастыру. Құстарды қыстап қалу немесе жылы жаққа ұшып кетуіне байланысты топтастыруды бекіту; бес санының құрамы жайында түсініктер беру; ой-өрістерін, еске сақтау, көру қабілеттерін дамыту; құстарға қамқорлық танытуға, ізденімпаздыққа, ұқыптылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Тіл дамыту «Сауысқан мен көкек» ертегісі" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту, жылы жаққа ұшып кететін құстардың түрлері, олардың ерекшеліктері туралы мәлімет беру, "Сауысқан мен көкек" ертегісін оқу және талқылау (пысықтау). Музыка "Күзгі вальс". Мақсат-міндеттері.	таныстыру; қағаз жолақтарын орау техникасын үйрете отырып, дайын орамдарды ойдағыдай формаларға келтіре білу қабілетін қалыптастыру; ұжым болып қағазды орау арқылы бидай алқабын құрастыруды үйрету. Дене тәрбиесі "Добым, добым, домалақ" Мақсат-міндеттері. Балаларға шашырап жүруді; кедергілерден өтіп жүгіруді; доғаның астымен еңбектеуді (биіктігі 50 см) үйрету. Көркем әдебиет «Орман дәрігері» ертегісі. Мақсат-міндеттері. Ертегіні оқып беру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге баулу. Ертегіні тыңдауды үйрету.
---	---	--	--	--

	Дене тәрбиесі "Үйлесімділікті сақтаймыз" Мақсат-міндеттері. Балаларға гимнастикалық орындық астынан еңбектеуді; воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып қағып лақтыруды үйрету. Қоршаған әлеммен таныстыру "Бидай астығы" Мақсат-міндеттер: балаларда дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерді тиянақтау; нан және оны дайындау туралы білімді байыту; білім құмарлығын, зерттеу қызметіне ұмтылысын дамыту.	Мақсат-міндеттері. Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйрету. Тіл дамыту «Сауысқан мен көкек» ертегісі. Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейтіп, жылы жаққа ұшып кететін құстардың түрлері, олардың ерекшеліктері туралы мәлімет беру, "Сауысқан және көкек" ертегісін оқу және талқылау.	ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту; құстардың дыбыстарының ерекшеліктерін көрсететін сөздерді айту, етістіктерді алмастыру дағдыларын, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Дене тәрбиесі "Басына қапшық қойып, бір жақ жанымен жүру" Мақсат-міндеттері. Балаларға басына қапшық қойып, арқан үстімен бір жақ жанымен жүруді үйрету және допты тура домалату дағдысын жетілдіру. Көркем әдебиет "Абай Құнанбаевтың «Күз» өлеңін оқу" Балаларды Абай Құнанбаевтың «Күз» өлеңімен таныстыру; автор сипаттайтын күз мезгіліндегі оқиғалардың ерекшеліктерін көркемдік құралдар арқылы байқай білу қабілетін қалыптастыру;	Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйрету. Қоршаған әлеммен таныстыру "Жыл құстарының ұшу бағыттары". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұшатын және қыстайтын құстар туралы түсініктерін жетілдіру; құстардың қимылдарын бақылау, көргенін бойындағы біліммен байланыстырып, еркін сипаттауды үйрету.	
--	--	--	---	--	--

			көркемдік құралдарды қолдануды дамыту; күз туралы, адамдар мен жануарлар өміріндегі өзгерістер туралы түсініктерді бекіту; ақынның шығармашылығына сүйіспеншілікті арттыру; туған жерді сүйуге тәрбиелеу.		
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу; - басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Балалар, күн райы Өзгереді күн сайын. Біресе жел соғып, Біресе шуақ шашып, Күніне жүз құбылып, Қуантады әрдайым. Ойланайық, сондықтан Далаға шығар алдында: Болжап алып күн райын, Құбылмалы сипатын, Күнге қарай киініп, Қуанып ойнап жүрейік. (Д.Ахметова)				

Серуен	Ауа райын бақылау. Күз. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне тән тірі және өлі табиғаттағы маусымдық құбылыстарды (жапырақтардың түсуі) байқауға; арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға үйрету; "өлі табиғат" ұғымын тиянақтау (ауа, күн, бұлт, жел, жаңбыр); қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. Қадыр Мырза Әлі «Күз». Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді. Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді. Күз де келді, күз келді,	Құстарды бақылау (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Зерттеу. "Күз мезгілінде қалалық жердегі құстар не жейді?" Мақсат-міндеттері. Балалардың құстардың сыртқы түр-түсі, тіршілік етуі, мінез-құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту; құстарға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Зерттеу барысы. - Құстар не жегенді ұнатады? - Қоректі қайдан табады? - Құстар туралы не білетінімізді еске түсірейік? Тапсырма: құстарды бақылау. Білу керек: күзде құстар не жейді, қаладан қоректі қайдан табады.	Құстардың дыбыстары. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жыл құстары мен қыстайтын құстарды, сондай-ақ дыбыстарынан, ажырата білу қабілетін дамыт, құстардың күзгі тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау; сөздік қорын байыту. Құстар қалай үн қатады? Тырналар – тыраулайды. Аққу– қиқулайды. Қарлығаш– шықылықтайды. Бұлбұл – сайрайды. Қаз – қаңқылдайды. Үйрек – барқылдайды Бүркіт – саңқылдайды, бістәктайды. Торғай – шырылдайды. Қарға – қарқылдайды. Сауысқан – шықылықтайды. Торғай – шиқылдайды. Көгершін, үкі – уілдейді.	Саябақтағы құстарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Құстардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білуге тәрбиелеу. Құстарды адамның достары ретінде қабылдай білу дағдыларына машықтану. Аулаларыңда немесе жақын маңдағы саябақта құстарды бақылауды ұсыну. Құстар адамдарды көргенде жасырынып қалатыны немесе ұшып кететінін бақылау. Құстардың адамның мекеніне жақын жерге қоныстанатынына көңіл аудару. Құстардың жылдың әр мезгілінде тіршілік етуінің ерекшеліктерін	Көгершіндерді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Көгершіннің сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, пайдасын білуге ынталандыру, адамның оларға қалай қамқор болатынын, жабайы көгершіндердің «Қызыл кітапқа» не үшін енгізілгенін нақтылау. Зерттеу. Көгершін мен тоқылдақты салыстыру. "Құстың қауырсыны кімге барады?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Көркемсөз Қарлығашпын мен, Адамның тұрағымын. Мекен етіп тұрамын, Тазалаймын үй ішін. Ел аузында мақтаулы, Тазалықшымын төселген. Жұмбақтар Бұдыр-бұдыр балшықты, Жинады да талшықты. Ұқсатып қамытқа, Үй салды жабыққа. (Қарлығаш.)
--------	---	---	---	---	---

Керек оқу бізге енді. Балаларға күз мезгілінің айларын атауды, ауа-райының күздің басындағы және ортасындағы байқалған айырмашылықтарын табуды ұсыну. «Тауық қорасындағы түлкі» кимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, кимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау. Алаңның бір жағында «тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады.	- Балалар, тапсырма түсінікті ме? - Құстарды бақылау ережесін еске түсірейік. Құстарды бақылау ережесі. Құстар өте үркек. Құстардың қасында тыныштық сақтап, шуламай жүру керек. Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе қоректенуіне кедергі жасайсыңдар. Құстарға тас атуға немесе таяқ лақтыруға болмайды. Құстар тірі, олардың да денесі ауырады. Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әртүрлі қорек жейді; құстар жәндіктерді аулайды. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: алаңнан малтатастарды жинату. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Еңбектенуге ұмтылысты тәрбиелеу. "Жапалақ" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене	Тоқылдақ – тоқылдайды. Бөдене – бытпылдайды. Балалардың құстарды не себептен жыл құстары және қыстайтын құстар болып бөлетінін түсіндіруге шақыру. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша алаңында жапырақты тазартуға сыпырушыға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Мақсатқа бірлескен күш-жігермен жете отырып, бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Қарақұс пен балапандар" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің	салыстыру және зерттеу. Құстардың қауырсындарын қарастыру. Әңгімелесу: - Өздеріңе жақын жерде тұратын құстар туралы не білесіңдер? Олар немен және қалай қоректенеді? Қайда ұшады, қайда ұя салғанды ұнатады? Көркемсөз Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын еңбек тапсырмалары: ауланы бұтақтар мен тастардан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, істелген жұмыстан рақат алуды үйретуді	Ұзақ тектес құс, Шіркей жеп. Ауыл маңынан Ұзап кетпес құс. (Қараторғай.) Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш.) «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша аумағында жемшашарларды ілу. Мақсат-міндеттері. Еңбек әрекеттерін орындауды үйрету. "Ұя басқан тауық пен балапандар" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу. Балалар балапандарды, ал тәрбиеші ұя басқан тауықтың рөлін ойнайды. Бөлменің немесе алаңның бір жағында қоршалған орын үй болады (жалаушалар тізбектеле жіп 40-50 см биіктіктегі ағаштардың немесе бағандарының арасымен тартылады). Үйде балапандарымен ұя басқан тауық отырады жем іздеп кетеді. Біраз уақыттан кейін
---	---	--	--	---

"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. "Допты бастаушыға" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: допты лақтырып және екі қолымен қағып алуға жаттықтыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: серуенге шығарылған ойыншықтар мен жабдықтарды жинақтау.	тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға	бұйрықтарын тыңдауды үйрету, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды: Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады.	жалғастыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" рөліне санамақ арқылы бір-екі бала тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы	ол: «Ко-ко-ко-ко» деп балапандарын шақырады. Бұл сигналда естіген балапандар жіптің астынан өтіп, тауыққа келеді. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі) "Ұшу, секіру, жүзу". Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіруге жаттықтыру; балықтар, құстар, жануарлардың аттарын бекіту. "Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: "Кеглиді құлат" (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты нысанаға лақтыруды үйрету; дәлдікті, зейінді дамыту.
---	--	--	---	--

	Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестікке, жауапкершілікке, тазалыққа баулу. Өз еркімен ойындар. (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)	ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Дидактикалық ойын. "Құстарды сана". (танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Сан есімдерді зат есіммен үйлестіру жаттығулары (бір торғай, екі торғай және тағы басқа). "Допты қуып жетіндер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері.	Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды. "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, "қақпаға" допті өткізуді, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. Еркін ойындар.	аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңімпазды анықтайды. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасыратын кезде оған қарауға болмайды. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, бөлмеден затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... (сөздерін айтып жасырылған затты табуға көмектеседі). «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді	
--	---	---	--	---	--

